

«24» 03 2023 ж.
№ 44 бұйрыққа
1-қосымша

Білім беру ұйымдарының ЖМБ пәндерін (физика, химия, биология, информатика) ағылшын тілде оқытатын педагогтер арасында өтетін «Үздік заманауи сабақ» қалалық сырттай байқауының

ЕРЕЖЕСІ

- 1.1 Бұл ереже байқаудың мақсаттары мен міндеттерін сипаттайды, жарыс өткізу тәртібін реттейтін ережелерді анықтайды;
- 1.2 «Үздік заманауи сабақ» байқауы – бұл білім беру ұйымдарының ЖМБ пәндерін (физика, химия, биология, информатика) ағылшын тілде оқытатын педагогтер арасындағы кәсіби шеберлік байқауы;
- 1.3 Байқау мұғалімнің оқу-әдістемелік үздік нәтижелерін анықтайды;
- 1.4 Байқауға кемінде 3 жылдық педагогикалық өтілі бар және оқытуда жоғары жетістіктері бар мектеп мұғалімдері қатыса алады.

2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаттары:

- қала педагогтерінің инновациялық, педагогикалық тәжірибесін анықтау, жалпылау және танымал ету;
- физика, химия, биология, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытудың тиімді сабақтар қорын құру;
- қала педагогтерінің кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылысын арттыру

Міндеттері

- ✓ қазіргі заманауи көптілді білім беруді дамытудың негізгі үрдістерін көпшілікке тарату;
- ✓ ЖМБ пәндерін ағылшын тілінде (физика, химия, биология, информатика) оқытатын дарынды және білікті пән мұғалімдерін анықтау, сондай-ақ оларға қолдау көрсету.

3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР:

Байқауға ЖМБ пәндерін (физика, химия, биология, информатика) ағылшын тілінде оқытатын педагогтер қатысады.

4. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ:

4.1 Байқау сырттай өткізіледі:

Сабақтың жоспар-конспектісі ағылшын тілінде жазылады (қысқа мерзімді сабақ жоспары), сондай-ақ жарияланған қысқа мерзімді жоспарға сәйкес сабақтың бейне жазбасы. (10 минут)

Сабақ жоспарына қойылатын талаптар:

- сабақ мақсатының қолжетімді және өлшенетін мақсаттар, олардың сабақтың күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі және бағдарлама талаптарының орындалуы;
- сабақтың мақсатына сәйкес ОӘК материалдарын пайдалана отырып оқытудың мазмұнын, формалары мен әдістерін қолдану;
- сабақтың интерактивті танымдық атмосферасын құру (проблемалық жағдайлардың, түрлі деңгейлік тапсырмалардың болуы, сұрақтардың сипаты мен қойылуы, жұмыс түрлерінің әртүрлілігі, білім алушылардың жеке тәжірибесіне сүйену және т. б.);
- оқытудың, саралаудың және бағалаудың белсенді түрлерінің болуы;
- пәнаралық байланыс, сабақтың ақпараттық кеңістігінің болуы;

Сабақтың бейнематериалға қойылатын талаптар:

- сабақта оқыту және қарым-қатынас тілі – ағылшын тілі;
- ұсынылатын бейнематериалда жазба, дыбыс, тұрақты түсірілім сапалы болуы тиіс;
- ұзақтығы бейнематериалдың 10 минуттан аспауы тиіс;
- mp4 немесе wmv форматында және өтініште көрсетілген электрондық поштаға жіберіледі;
- бейнені көлденең түсіру керек. Видео бейненің ажыратымдылығы 1920x1280 немесе 1280x720 пиксель дюймге болуы керек;
- бейнесабакты түсіруге бүкіл сынып қатыстырылады;
- бейнесабактың басында міндетті түрде: автордың аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны, сабақ тақырыбы авторлық орындауда айтылуы қажет.

4.2 Байқау материалын ресімдеуге қойылатын талаптар:

- байқау материалдары 1-қосымшаға сәйкес өтініммен бірге ілесіп жүреді;
- байқаудың барлық материалдарын: **31.03.2023 жылдан** кешіктірілмей konkurs_himiya@mail.ru почтасына жіберілуі тиіс.

5. БАЙҚАУДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

5.1 Байқау материалдарының комиссия мүшелері бағалайды. Комиссия мүшелерінің құрамы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық академиясының мамандары, Астана қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебі, Республикалық физика-математика мектебі өкілдерінен құрылады.

5.2 Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады

5.3 Байқау жеңімпаздары Әдістемелік орталықтың I, II, III дәрежелі дипломымен, Алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады;

5.4 Байқау қорытындысы 2023 жылғы 5 сәуір күні <https://astana-modern.edu.kz/> жарияланады.

«Үздік заманауи сабақ»
қалалық сырттай байқауына

Өтініш

Педагогтың тегі, аты, әкесінің аты (жеке куәлік бойынша)

Білім беру ұйымының толық атауы

Пәні

Педагогикалық қызметінің еңбек өтілі

Байланыс ақпараты:

Ұялы телефоны:

Жұмыс телефоны:

e-mail:

Сабақтың тақырыбы	Сыныбы	Оқыту тілі